

Өнімді демалыс: жасанды интеллект және мұғалімдердің аттестациясына арналған ғылыми-әдістемелік кеңес.

Күзгі каникул кезінде №6 мектеп-лицейінің педагогтары уақытты барынша тиімді әрі мазмұнды өткізуде.

2025 жылдың 29 қазанында мектепте ғылыми-әдістемелік кеңес өтті. Кеңес бағдарламасы педагогтардың кәсіби дамуына бағытталған екі негізгі бөлімнен тұрды: теориялық және практикалық.

I. Теориялық бөлім:

«Аттестация – кәсіби өсудің векторы»

Бұл бөлімнің модераторы – Жамбаева А.М.

Ол педагогтарды 2025 жылғы 25 ақпандағы №32 бұйрықпен бекітілген аттестация ережелерімен жан-жақты таныстырып, негізгі өзгерістер мен талаптарға тоқталды.

II. Практикалық бөлім:

«Білім беру үдерісінде жасанды интеллектіні біріктіру».

Практикалық бөлім жасанды интеллект (ЖИ) негізіндегі цифрлық платформаларды меңгеруге арналды. №6 мектеп-лицейінің мұғалімдері әріптестері үшін инновациялық құралдарды сабаққа енгізу бойынша бірнеше шеберлік сабақтарын өткізді.

1 бағыт: практикум «Teachy, MagicSchool және Gamma цифрлық платформаларын қолдану»

Модераторлар: Нарижная О.В. және Кушнир С.Ю., бастауыш сынып мұғалімдері

2 бағыт: практикум «Gemini, Curipod.com және Akinator платформаларын қолдану»

Модераторлар: Каженова С.Л. және Токсанбаева А.Е., бастауыш сынып мұғалімдері

3 бағыт: практикум «Genially, Chikipooki және Wayground платформаларын қолдану»

Модераторлар: Малгаждарова Ж.Ж. және Кабенова М.Е., бастауыш сынып мұғалімдері

4 бағыт: практикум «Жасанды интеллект және AR платформаларын оқытуда қолданудың тиімділігі»

Модератор: Кулданова Ж.Ш., биология пәні мұғалімі

Әр практикум барысында педагогтар көрсетілген платформалармен тікелей жұмыс жасап, олардың мүмкіндіктерін меңгеріп, жаңа білімдерін оқу материалдарын әзірлеуде бірден қолдану мүмкіндігін алды.

Осындай форматтағы жұмыс мұғалімдерге аттестация ережелерін тереңірек түсінуге, сонымен қатар заманауи цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқу үдерісінің сапасы мен нәтижелілігін арттыруға жол ашты.

Бұл – кәсіби дамудың, шығармашылық ізденістің және заманауи педагогикалық шеберліктің жарқын үлгісі!



